кан шу аkkан. Џаман ташшаӷа kан кызын бердї, kаның öзӳ кöштӳ оруннан. Ташшамäн кыз џӳрдӳ, ташша баі болдӳ, кыздың öзӳ kатын болдӳ, öзӳ шебäр болды. Бау öрдӳ, ӳінӳң kасынан џердäн kудуk казып алды, kудуkтӳң сӳ алтынды болды. Ташша баjӳ kатының тілін алады; kатыны кӳндä бау öрӳп кімтігіп аппарӷызып саттырды. Баі кешкä keліптї, дылда äкпäліптї, бадöрӳ баі болӳптӳ. Астары öзӳ п'сіріліп öзӳ т'сӳрlöдӳ; тастырkаны џаjылат екäн, ыстолдӳң ӳстӳндä тöрт шам шыраӷы џаӷылат екäн, сöітӳп џӳрӳптӳ.

Катын ертäңіндä турӳптӳ, бетїн kолӳн џӳптӳ, баjына аітыпты: «Сен бӳгӳн шäргä бар, анда бір адам kара кöк ат сатар, соңӳ сен сатып алып kel!» дептї. Аk орамалӷа дылда тӳп беріптї. Баjа орамалды алып kоінӳна салыпты, шäргä џаjау keліптї. Базардың басында џӳрсö бір адам бір kара кöк ат џетäктäп џӳр екäн.

Ташша турӳп аітты: «Аӷакä, атыңды сатамысын?» дедї. «Ташшам, сатамын» дедї, «не берäсїн?» деді, екі дылда берäін!» «Ӳш дылда бер!» дедї. «Орамалдаӷымды берäін!» «Орамалыңмінäн бер!» дедї. Ташша бердї, kара кöк атты алды kолӳна. Кара кöк атты џедäктäп ӳjӳнö keлдї. Кара кöк атты баілады ыстолбаӷа, ӳjӳнö ендї. Катын сурады: «Keлдїңбä? — «keлдім» дедї — «äкпäлдїңба атты?» — «äкпäлдім.» — «Мыkтап баідадыңба?» — «мыkтап баідадым?» дедї. — «Џат бӳгӳн!» kатын аітты. Катынмїнäн екäӳ џатты, уjуктады, ертäн турдӳ, бетїн kолӳн џӳдӳ, намазын окудӳ. «Е ташшам!» дедї, kара кöк атты ертä!» дедї, «алдыңгы аілын бос тарт, артkы аілын берїк тарт! бӳгӳн менің äкäм сол бір кїктї kӳп keлäдї, кїктің басы алтын, кöтӳ кӳмӳс!» дедї. «Екі кӳн екі тӳн kӳп едї, џет'алмады, сен кöк атkа мін kуруkтӳ kарына іl! Сен барып џетäрсїн; kуруkмїнäн ыстарсын! бауздаімын деп атыңнан т'сö kал! кöтӳңнöн äкäм keлäр, е џігітїм, аітар, осу кїктї маӷан бер! дӳнӳöдä тілäгäн тілäгіңдї берäін деп аітар» дедї. «Сонда сен бер кїктї! ӳігö kаітып kel!» дедї.

Ташша кöк атkа міндї, kуруkтӳ kарына ілдї, кеттї бір тауӳң басына шыкты, шыӷып kараса бір адам бір кїктї kӳп keлä

ҷатыр екäн, ҷет'алмаі келäт екäн. Алдынан ташша шыђып кікті кӳп ҷетті, куруктӳ моінӳна салды, аттан т'сӧ калды, баузда̂імын деп п'шађын ҷанынан сурдӳ, кӧтӳнӧн кан шауп келді: «Е ҷігітім!» деді «осу кігіңді мађан бер!» деді. — «Бермäімін» деді — «дӳнӳӧдӧ тілäгäн тілäгіңді берäін!» деді — «ҷараіды ал!» деді.

Кан кікті алып ӳјӳнӧ кетті. Ташша ӳјӳнӧ барђан сон катыны алдынан шыкты. «Келдіңбä, ташшам?» деді — «келдім» деді — «ыстадыңба?» — «ыстадым, канђа бердім» — «бäрікäлді!» деді.

Ҷатты, ујуктады, ертäн турдӳ. Катын аітты: «Е, ташшам, каннан не тілäк сураісын?» Ташша аітты: «Не тілäк сураін? мал сураімын! бас сураімын!» Катын аітты: «Е, ташшам, акылың ҷок! мал некäрäк? ҷан некäрäк? мал-да бар, ҷан-да бар. Сен барарсын кандікінä! не сураі келдің? деп кан аітар. Сонда сен аіт! ана кӳндӧ берäм дегäн тілäгіңізгä келдім, деп аіт! сонда: «Не тілäсін? аітар. Сонда сен тілä: «Ӧзӳңӳзгӧ карађан ҷандар ӳш кӳн ӳш тӳн от ҷакпасын! бір ӧзӳ ӳјӳмнӧн баска адам ҷакпасын! деп аіт!» деді. «Ҷараіды, катын!» деді.

Катын бајына курумнан шаппан тікті, курумнан тымак тікті, кӧзӳнӧ шідäн тірäӳш салды, кӧзӳн кызартты. Ташша кетіп кандікінä келді, ӳігӧ еніп келді. Асалау мађалаікым! Кан деді. Кан алтын тађында отур екäн, кан шошӳп тӧсӧгӳнӳң ӳстӳнӧ барып отурдӳ, ташша каның тађына отурдӳ.

«Е ҷаным каіда барасын! деді. «Алдыјар, сізгä келдік» деді. «Не ҷумусӳң бар?» деді. Ташша аітты: «Ҷумусӳм бар. Берäмін дегäн тілäгіңізгä келдім» деді. Патыша аітты: «Берäін, ҷігітім! не тілäісін?» деіді. «Алдыјар, мен не тілäін? мађан берсäңіз ӳш кӳн ӳш тӳн тірі ҷан от ҷакпасын! ӧзӳм ӳјӳм от ҷаксын! берсäңіз осу тілäкті тілäімін!» деді. Патыша: «Ҷараіды; бола калсын!» деді.

Ӳäзірін кан атка міңгізді, ҷуртӳна кабар берді. Ӳш кӳн, ӳш тӳн от ҷакпасын! бӳгӳн оттӳ ҷаксын! асын п'сäрсін! ӳш кӳн ӳш тӳн от ҷаккандаі болса басын аламын! деді. Ӳäзірі кетті,

ҷуртуна kабар берді. Каітып ўјўнö келді. Кан ташшаны ўјўнö kаітарды.

Ўјўнö келді, kатын сурады: «Аітыңба, ташша?» деді. «Аітты!» деді. «Ўш кўн тірі ҷан ўш кўн ўш тўн от ҷакпаіды, бір öзўм ўјўмнöн баска.» Öзў ўјў ўш кўн ўш тўн отўн сöндўрмöіді. Бак келді, ырыс келді, Кыдыр келді, ҷарыкkа ҷілді. Ертäн ҷігіт турўп kараса тöңрöгў малҕа толўп kалыпты, öзў абдал баі болўпту, баі енді маңгас болдў. Катына аітты: «Бўгўнгў кўн кöк атка мін! сеілгä шык! kан ҷолўҕар, олда сеілдä ҷўрöр. Аң аулап ҷўр екäн. Соҕан сен бар! мынан азыкты kанҷыҕаҕа баіда! тўс болҕанда ас ішäміз деп тўс атыңнан! kан-да тўсöр атынан. Ас ҷејік! деп kан сені шаkырар, сен барма, kан асынан берсä сен ҷемä! сен берсäң асыңнан ол ҷер, енді бар!» деді.

Ташша кöк атты ертäді, мінді, кетті, сеілгä келді, алдынан kан ҷолуктў амандасты, есäндäсті, аң аулап ҷўрдў, тўс болдў. Кан аітты: «Ас ҷејік!» деді. «Аттан т'сўп.» Касындаҕы ҷігіт аітты: «Ҷараіды.» Аттан тўстў kан, асын ҷеді. Ташшаны шаkырды, ташша ҷакын келмäді, асынан беріп еді, ҷемäді ташша. Ташша асынан берді, kан ҷеді. «Апырмаі тäттісін аі!» деді. «Менің бір kатыным болҕан, сол осундаі п'сірўш'еді, сонан тўҕан kызым осундаі п'сірўш'еді. Со kызым кеткäн сон кöргöн тäтті дäмім осу.» Астарын ҷесті, аттарына мінді. Ташша ҷігіт: «Алдыҷар!» деді. «Біздікінä kонаkkа ҷўрўңўз!» ««Ҷараіды.»» деді.

Ташшаның ўјўнö келді, ўјўнö келсä kаның öзўнўң ўјўнöн артык екäн. Кан енäрін дä білмäді енбäсінді білмäді. «Ҷоҕары шык!» kыз аітты. Кан ҷоҕары шыкты, отурдў; kыз тастырkанды ҷаіды алдына асты алып келіп kоідў. Кан ҷеді, аітты: «Апырмаі! астың тäттісінаі! менің кеткäн kызым сол осундаі п'сірўш'еді.» Кыз аітты: «Кызыңызды кімгä беріп едің?» Кан аітты: «Кызымды бір ҷаман ташшаҕа беріп едім.» Кыз аітты: «Сол kызың мен емäспä? кўјöўң сол емäспä?» деп öзўнўң бајын кöсöттў. «Калаі кöрўнöдў кöзўңö?» Ākäсі аітты: «Ҷаксы!» деді. Ākäсі ҷылаіды. Кыз аітты: «Ҷаманды ҷаксы kылдым, ҷаман

еркäктi цаксы урђашы асраiды дегäн мынау! солаiма iкäм? сен менi цаманђа берiп един. Сен басы алтын кöтӳ кӳмӳш кiктi кӳдӳң, сен ыстаi алмадың, менiң кӳjöӳм ыстады. Ол сiздäн артык болђан емäспä? Ӳjӳңö барды баjым, сонда сiз алтын тађыңызден тӳрö-гäлiп тöсöгӳңӳзгö барып отурдӳңуз ау. Ол артык болђан емäспä?»

Кан аiтты: «Рас! менiң тађымды кӳjöӳм алсын!» Кан куса болдӳ, аiтты: «Е, кызым, сен акылды екäнсiн, мен акмак екäнмiн, менiң церiмä кеl! менiң шäрiмдi бiлä!»

Кан ӳjӳнö кеldi, кан öзӳ öldӳ, кӳjöӳ кан болдӳ, кызы каныша болдӳ.

## 4. Тӳс саткан ташша.

Ертäдä бiр баi болӳптӳ, баiдың ӳjӳндö цӳргöн бiр кӳңӳ болӳптӳ, кӳңӳ цатса тӳс кöрӳптӳ, басынан аi тӳптӳ, аjађынан кӳн шыђыпты, цӳрöгӳнӳң басынан цулдуз тӳптӳ. Ертäн турӳптӳ беті колӳн цӳптӳ, бу тӳсӳмдӳ iздäiн! дептi, iздäп кетiптi, бiр баiдың сiрiн баккан ташша балађа келiптi. Бала аiтыпты: «Е, ценгäшi, каiда барасын?» Кӳңӳ аiтты: «Каiда бараiн! сенiң баiың цалданђалы келдiм.»

Сiр баккан бала аiтты: «Öтӳрӳк сен аiтасын, сен бiр дäмi iздäп барасын.» Кӳң аiтты: «Т'сӳмдӳ iздäп барамын.» Бала аiтты: «Нађылђан тӳс? аiтшы! Кӳң аiтты: «Аiтаiн! уjуктап цатыр едiм, тӳсӳмдö басымнан аi тӳптӳ, аjађымда кӳн шыђыпты, цӳрöгӳмнӳң басымнан цулдуз тӳптӳ, сол тӳсӳмдӳ iздäi келiмiн!» дедi.

Бала аiтты: «Осу т'сӳңдӳ мађан сатшы!» дептi. Катыны аiтты: «Не берäсiң?» дедi.

«Кунан шыђар öгӳзӳм бар, сол öгӳзӳмдӳ берäiн!» дедi Катын аiтты: «Цараiды» дедi. «Тӳсӳмдӳ берäiн!»

Бала кунан öгӳздӳ бердi. катын алды, ӳjӳнö кеттi. Бала кешкä сiрiн аiдап ӳjӳнö келдi, сiрiн корасын камады, темiрдäн

етік соктўрдў, темір тајак соктўрдў; ертӓн турдў бала, беті̆ колўн џўдў, сірін џаімады, темір етік ајаҕына кі̆ді̆, темір тајакты колўна алды, кетті̆.

Бір уакытта темір етіктӓн теңгӓдӓі̆ калды, темір тајактан тебендӓі калды. Бір шӓргӓ кеlді̆, шӓргӓ кеlсӓ бір каның есігінің алдында џатыпты. Тўн ортасы болҕанда екі арҕымакка алтынды бӧўскӧ џеккӓн, бір каның баласы бу каның кызын алып кашамын деп кеlгӓн, екӓў ӧкӧшкӧдӧн сӧlӧсўптў, кыз аітыпты: «Тура тур!» депті̆, «ӓ̄кӓм ујуктасын! депті̆, тўсўн іздӓп кеlгӓн бала бӓ̄рін аіткан сӧзўн есітіпті̆. Каның баласы ташша балаҕа сўӧнўп џатып ујуктапты. Бір уакытта ташша бала тўрӧ-геlді̆, ӧкӧшкӧгӧ кеlді̆. Кыз аітты: «Кеlдіңбӓ?» деді̆. Бала аітты: «Кеlдім» деді̆. «Коржундў ӓппӓр!» деді̆. Бала ӓ̄ппӓрді̆, бӧўскӧдӧн ӓ̄ппӓрді̆. Кыз ішін толтурдў, кыз џігіткӓ аітты: «Екі арҕымакты ертӓ!» деді̆. Џігіт ертӓді̆, екі коржундў алды, артына бӧктӧрдў. Кыз ўјўнӧн шыкты, екӓў екі арҕымакка мінді̆, кетті̆, манаҕы каның баласы ујуктап калды.

Кыз џігітті̆ таң аткан сон таныды, каның баlасы емӓс екӓн. Кызҕа оі тўстў, кыз кашаін деп еді̆, кашалмады. «Кашсам мені̆ бу еркӓк кўп џетсӓ мені̆ тірі коімаідынкоі. Кашпаің! мені̆ коскан кудаі екӓн шыҕар; тіјӓін!» деді̆. Кетті̆, бір уакытта бір шӓргӓ кеlді̆. «Е џігітім, кыз аітты, џерің барма? ӓ̄кӓң барма? баурўң барма?» деді̆. Џігіт аітты: «Еlім-дӓ џок, ӓ̄кӓм-дӓ џок, баурўм-да џок, каідан кеlіп, каідан турҕанымды білмӓімін» деді̆.

Кыз аітты: «Енді̆ біз осу шӓргӓ біз тураік! деді̆ «патсаҕа біlімдӓнӓік» деді̆ — «џараіды» деді̆.

Кыз аітты:

«Бір ўі сатып ал!
«ўінўң сырты џаман болсўн!
«ўінўң іші̆ џаксы болсўн!
«ішінӓн аккан булак болсўн!
«сунўң аклыҕы сўттӧі болсўн!
«ішіндӓ баі терӓк болсўн!
«баі терӓктің басынан бірўк меіс турсўн!

«бірўк меіс тамшылап турсўн!
«бірдäн аузға тўсўп турсўн!»

Осу орамалға салып берäін! осуған берсä алып кеl, мен тура-тураін! мен кетäт екäн деп оілама!» деді.

Екі арғымакты алып кыз калды, џігіт шäргä џўгўрўп келді. Таң ертäн енгäн шäргä бесіндä бір ўі тапты, ўідўң ішінä џігіт еніп келді, еніп келсä бір џігіт бір урғашы отур екäн.

«Ағакä, ўјўңдў сатамысын?» деді.

Ўідўң іäсі аітты: «Сатамын!» деді «кöр мында akkан су мынау сўттöн ап-ак! деді, баі терäгім мынау, öірўк меіс басындағы анау» деді, «аузға тамшылап бір бірдäн тўсўп турады» деді.

Џігіт аітты: «Не аласын?» деді. «Сенің älің кеlмäс» ўі іäсі аітты. Џігіт аітты: «Осу орамалдағымды берäін! аламысын?» деді — «орамалыңмінäн бер! алаін» деді. Џігіт берді, ўі іäсі аітты: «Мен шығамын ер kатын екäўмўз шығамыз. Ajak табаk, тöсöк орун сендä kалсын! мағаn керäгі џоk» деді. Џігіт аітты: «Џараіды» деді. Ер kатын екäў ўідöн шығып кетті. Џігіт манағы kатынына келді, келсä отур екäн. «Џігітім, ўі таптыңба?» kатын аітты. «Таптым» деді — «џараіды» деді. Екäў арғымағын џедäктäп сатып алған ўјўнö келді, kатыны кöрдў: «Бäрäкäлді, џараіды» деді. Öгўн џатты, ертäн турдў, беті kолўн џўдў. Катына аітты: «Мен тамаk п'сäрäін! сен барып шäрдің десäтнігінä kабар бер! патсаны шакырсын! біздің ўјўмўзгö келсін! деп аіт!»

Бајы кетті, десäтнікkä kабар берді, патсаны шакырыңыз біздің ўјўмўзгö келсін! деп, осу шäрдің џаксыларын бäріндä шакыр! деді.

Џігіт ўјўнö келді, «шакырдыңба?» kатыны аітты — «десäтнікkä аіттым, асыңды п'сір!» Бір уаkытта десäтнік патсасын, бäрінді шакырып, келді. Бала ыстолўн kондўрды, тастырkанды џаідырды, ас äкпäліп патсаның алдына kоідў. Патса аітты: «Апырмаі асының тäттісін аі» деді. Касындағы ўäзірдäрі аітты: «Мен кöрўп келäін џігіттің kатынын» деді. Кан аітты: «Токтаі тур! ујат болар» деді — «не ујаты бар?» деп ўäзір кöрöмўн деп кетті, кöрўп kаітып kанға келді. «Апырмаі kан-аі!» деді «аітса аітkан-

ҙаі көркөм екӓн, сіздің катыныңыз колуна су куjуҕа џарамаіт екӓн.» Кан аітты: «Апырмаі, көркөм менің алҕанымба деуш'едім» деді.

Кан џуртун џіды, акыл сурады. «Бу џігіттің катынын каітіп аламын?» деді. Џурт аітты: «Алмаі несі бар?» деді «сіз аітыңыз: шакырып: шешӓм менің ауру деп аітыңыз, аjумінӓн џолбарыстан екӓунӓн екі шелӓк сүт саул бер! деп аітыңыз! сонда ол барар, барҕанда келӓlмӓс мунда, соңда сіз катынын аларсын» деді. «Џараіды, џуртум!» кан аітты. Кан џігіт келсін! деп шакырды, џігіт келді, кан аітты: «Е, џігітім! не кылып џүргөн џатсын?» деді, «каідаң келдің? каідан турдуң? еlің барма? џуртуң барма?» деді.

Џігіт аітты: «Таксыр алдыjар, еlімдӓ џок, џуртумда џок, каідан келіп, каідан турҕанымды білмӓімін» деді. Патса аітты: «Білмӓсӓң менің шӓрімдӓ тур! сені адам кыспас, адам саҕан зордук кылмас! менің шешӓм ауру!» деді, «бір џумуска сені џумсаімын!» деді. Џігіт: «Бараін!» деді. «Барсаң аjумінӓн џолбарысты екӓунӓн екі шелӓк сүт саул ӓкпӓl! ӓкпӓlмӓсӓң басыңды аламын!» деді, — «џараіт» деп үjүнө џылап келді. Катын аітты: «Негӓ џылаісын?» деді — «џыламаі-каітӓін? Кан бір катты џумуска џумусады» деді «барып аjумінӓн џолбарыстан сүт саул ӓкпӓlӓlмӓсӓң басыңды алмак боламын» деді. Катын аітты: «Коркпаі канҕа барып кандан кырк күн мурсат сура!» деді. Џігіт џүгүрүп үjүнө келді: «Алдыjар, џумсаҕан џумусуңузҕа бараін! кырк күн мурсат бер!» деді. «Џараіды, ал!» деді.

Џігіт џүгүрүп үjүнө келді. «Бердімӓ мурсат?» катын сурады. «Берді» џігіт аітты. Катын аітты: «Бу шӓргӓ бар, бір шабдар ат сатып ал! моінунда аҕашы бар, өзүнүң аркасы џаур» деді. Кетті џігіт, шӓрдің басына келді; бір шабдар атты бір џігіт сатамын деп џетӓктӓп џүр екӓн. «Сатамысың атыңды, аҕака?» деді — «Сатамын; не берӓсін?» деді. «Каідан білӓін! өзүң сура!» «Екі дуз сом бер!» «Дуз өлү берӓін!»

Дуз өlү сом беріп аркасы џаур шабдар атты алып үjүнө келді џігіт. Катын аітты: «Сен кырк күн үідө отур! оразаңды

ыста! бес уаkыт намазыңды оkу!» деді. «Мен шабдар атты алып кетӓін, семіртіп ӓкпӓlӓін.» Џараідым деп бајы kалды, оразасын ыстады, бес уаkыт намазын оkудў, kатыны шабдар атты џедӓктӓп кетті. Кырk кӱн болды дегӓндӓ шабдар атты џедӓктӓп kатыны келді, шабдар атты семіртіпті, бајына аітты:

«Ер мінӓн токум ӓкпӓl!
«шабдар атты ертӓп кеl!
«алдыңгы аілын бос тарт!
«артkы аілын бӓрік тарт!
«шабдар атkа мін!
«тоҕаідаҕы ајудў аідап кеl.
«тоҕаідаҕы џолбарысты аідап кеl!»

Шабдар атты тоҕаіҕа барҕанда барбаіҕа салып kал, шабдар аттың таусўн естігӓн сон ајумінӓн џолбарыс бір џергӓ џілар. Сонда алдыңы салып аідап кеl! алдыңнан kан кісі џібӓрӓр: kоісўн! аідамасын! шешӓм џазылды! деп аідар. Сонда сен болмаі ӱјӱнӧ аідап кеl!» деді.

Џігіт шабдар атты ертӓді алыңгы, аілып бос тартты, артkы аілын берік тартты, шабдар атkа мінді, кетті, бір тоҕаіҕа келді, шабдар атты борбаіҕа салып kалды, шабдар аттың шыңгырҕан таусўн ајумӓн џолбарыс естіді, бір џергӓ џілды, џігіт алдына салып аідады. Џолда кӧрӱнгӧн малдыда, џандыда џаіпады. Алдынан kан кісі џібӓрді, «шешӓм џазылды, аідап кеlмӓсін!» деп џібӓрді. Џігіт тілін алмады, ӱјӱнӧ аідап келді, екі темір шеlӓк kолўна алды, ајудан бір шеlӓк сӱт саудў, џолбарыстан бір шеlӓк сӱт саудў, kаның ӱјӱнӧ керӓк болса деп «мӓ» деп ӓкпӓlді. «Керӓгі џоk тӧгӱп таста!» деді. Шеlӓк аппарып тӧгӱп тастады. Ајумӓн џолбарысты џолҕа салып kӱп џібӓрді. Џігіт ӱјӱнӧ келді.

Кан еlін џуртӱн џіды «аkыл тауп бер!» деді. «Каітіп мен џігітті ӧлтӱрӱп kатынын аламын?» деді. Џурт аітты: «Ӧлтӱрмӧңӱз! бір kатты џумусkа џумусаңыз! сонў барып ӓкпӓlсӓ ӓкпӓlсін! ӓкпӓlӓlмӓсӓ сонда kатынын аларсын деді. «Ӓкӓм ӧlгӧндӓ баі болҕан екӓн, мен џас болҕан екӓмін; аіт! ӓкӓм алтынмінӓн кӱмӱстў kаі џергӓ кӧмгӧн екӓн. Ӓкӓм ӧlгӧндӧ мен бір kара токтў

сојӯп беріп едім, со тіг̃ӓн болама екӓн, болмаіма екӓн? деп аіт!» деді «сол џумуска џібӓр!» деді. Џігітті kан шакырды: «А̄ џігітім!» деді «бір џумуска џумсаімын; барамысын? бармаімысын? деді. «Барамын!» деді. «Барсаң мен сені ӧрттӧімӱн, сексӓн арба сексӓӱл ӓкпӓп ӧрттӧімӱн» деді. «Менің ӓкӓм тірісіндӓ баі екӓн, алтынмінӓн кӱмӱс кӧп болђан екӓн; сол ӧлгӧндӧ алтынмінӓн кӱмӱстӱ kаі џердӓ кӧмгӧн екӓн? А̄кӓм ӧлгӧндӧ бір kара токтӱ сојӯп беріп едім; со токтӱнӱң еті тіг̃ӓн болама? тімӓг̃ӓн болама? соңӱ біл! ӓкӓм џаксыма екӓн, џаманма екӓн соңӱ біліп кел! деді.

Џігіт аітты: «Џараіды, бараін!» Кан аітты: «Бармасаң басыңды аламын!» деді.

Џігіт ӱјӱнӧ келді. Катын аітты: «Негӓ kан сені шакырђан екӓн?» деді. Бајы џылады. «Негӓ џылаісын?» kатын аітты. Бајы бӓріндӓ аітты. «Бар!» деді, kатын аітты, «ӱш кӱн мурсат сура!» деді. Баі џӱгӱрӱп kанђа келді. «Таксыр!» деді «кішкӓнӓ аітатӱђӱн тӓтім бар, ӱш кӱн мурсат беріңіз! ӱш кӱн ӧткӧн сон сексӓн арба сексӓӱл ӓкпӓліңіз!» деді. Кан «џараіды» деді «бар! ӱш кӱн мурсат берӓін!» деді. Ӱш кӱн мурсат берді, ӱјӱнӧ келді, kатыны kат сызды, ӓкӓсі тілӓк kылып сызды: «Балам, ӓлің џеткӓнгӓ зордӱk kылма! kара токтӱнӱң еті мађан тіді, со токтӱнӱң етімінӓн кӱн кӧрӱп џатканым; мен-дӓ бір кӱндӧ зордӱk kылӯш'-едім, kылђан зордӱђӱмның kынасын тарттым. Џалђан дӱнӱӧгӧ екі кӱндӧі нанбасын! шыны дӱнӱӧ мында екӓн. Балам келсін kасыма!» дег̃ӓн kађаз сызды. «Алтынмінӓн кӱмӱстӱ ӱідӱң оң џактађы алтын ыстолбаның тӱбӱндӧ алтын акша бар, анда кӧмђӧмӱн; алсын балам! сол џактађы кӱмӱс ыстолбаның тӱбӱндӧ кӱмӱстӱ кӧмгӧмӱн, алсын балам!» дег̃ӓн kађаз сызды.

Катын аітты џігіткӓ: «Сен, џігітім, бар, сексӓн арба сексӓӱл алып келіңіз! деп аіт!» деді. Џігіт барды, аітты, kан сексӓн арба сексӓӱл алып келгізді, бір џергӓ ӱідӱ. Катын џігіткӓ аітты: «Астынын от џађар, тӧңӧрӧктӱң тӧрт пыршы туман kылармын; сен сексӓӱлдӱң ӱстӱнӧ шыђып тур! сонда мен кӧк кептӓр болӯп сені кӧтӧрӱп ӓкпӓтӓрмін деп аітты.

Сексӓӱлдӱ kан ӱідӱ, џігіт ӱстӱнӧ шыкты, сексӓӱлдӱ kан ӧрт-

тöдӱ, тöӊöрöктӱӊ тöрт пыршы туман болдӱ, катыны кöк кептäр болӱп келді-дä, џігітті кöтöрӱп äкпäтті. Катыны бајын алып келді ӱјӱнö, ӱш кӱн, ӱш тӱн сактады ӱјӱндö, ӱш кӱн öткöн сон «Тäӊ ертäн кӱлдӱӊ ортасына еніп џата-кал!» депті. Каӻазды коінуна салды, «кан келсä канӻа каӻазды берä кої!» деп.

Бајы ертäн турӱп, кӱлгö келіп кӱлдӱӊ арасына џатты. Тäӊ ертäн кан келді «тірім'екäн, тір'äмäсп'екäн? келäрм'екäн, келмäсп'екäн кöрöін!» деп келді. Џігіт тӱрö-гелді кӱлдӱӊ ішінäн.

«Асалау маӻалаікым, алдыјар!» деді — «ӱäлікім äсäлäм! џігітім!» деді. «Бардым, алдыјар!» деді. «Барсаӊ не аітты?» деді. «Аіткан сöзгö нанбаісын деп каӻаз сыздырып алдым.» «Мä» деп каӻазды берді. Кан каӻазды окудӱ: «Балама сäлäм! кісігä зордӱк кылмасын, кара токтӱнӱӊ еті маӻан тіді, алтын ыстолбаныӊ тӱбӱндö алтынды кöмгöмӱн, кӱмӱстӱ сол џактаӻы кӱмӱс ыстолбаныӊ тӱбӱнö кöмгöмӱн, алсын балам! Џалӻан дӱнӱöдö џӱрмöсӱн! меніӊ касыма келсін! меніӊ касым џарамаса балам каітып кетäрсін, џігіт курдӱ шыӻалмаідыма?»

Кан сöіткöн сызӻан каӻазды окуп ӱјӱнö келгäндä џуртӱн џіп алып аітты: «Мені öрттöӊӱз! сексäн арба сексäӱл äкпäліп. Äкäмніӊ касыма барамын! џаксымын дегäн каӻаз џібäріпті маӻан, ӱш кӱндä äкäмніӊ касы џаксы болд'ау келмäн, џаман болса ӱш кӱндö барып каітып келäрмін, ӱш кӱндö келмäсäм артымда калӻан тöлöӊгӱттöрӱм келіӊдäр!» депті.

Сексäн арба сексäӱлдӱ äкпäлгізді, бір џергä ӱјӱптӱ, канды öрттöптӱ, кан кӱјӱп кетіпті. Ӱш кӱн öтӱптӱ артында калӻан тöлöӊгӱттöрӱ еініӊ ігі џаксылары öрттöндӱ.

Шäрдä тäӱр манаӻы џігіт калыпты, кыз катын кылыпты, мана џігіт шäрін біläпті, мана каныӊ бір кызын алыпты, öзӱ кан болӱп турӱптӱ; бастапкы катынынан бір ул тӱптӱ. Улдӱ мана џігіт тöсӱнö мінгізіп џатыпты. Џігіт солаі џатып кӱлӱптӱ. Бастапкы катын сураіды: «Негä кӱлдӱӊ, мырзам?» деді. «Еішäін кӱлдӱм» деді. «Џок! аіт!» деді «ојӱӊа бір дäмä тӱскöн шыӻар.»

Џігіт аітты: «Аітаін саӻан! сен сöзӱмдӱ есіт! џас кӱнӱмдö äкäдäн, шешäдäн џетім калӻан екäнім, сöітӱп џӱргöнӱмдö бір баі-

дың сірін цаідым, цалшы болўп сір цајып цўргöнўмдö кўндöрдўң бір кўнў бір kатын келді. Катынђа амандастым, есäндäстім. Каіда бара цатырсын дедім. Катын: Бір тўс кöрдўм деді «Не тўс? аітты'» деп сурадым. Ујуkтап цатыр едім, тўсўмдä басымнан аі тўптў, ајађымнан кўн тўптў, цўрöгўм басынан цулдуз тўптў, осу тўсўмдў іздäп келäмін деп аітты. Тўсўңдў сат! дедім. Ол kатын тўсўн сатты мађан, бір kунан öгўз бердім. Ўігö келіп кешкä темірдäн етік соктўрдўм, темірдäн тајаk соктўрдўм, темір етіктäн теңгäдäі kалђанша, темір тајактан тебендäі kалђанша јўрдўм цўрўп келіп сізгä тўшар болдўм; сођан кўлдўм.»

Ўлкöн kатын аітты: «Онўң несі бар?» деді, басыңнан аі тўђаны мені алдың, ајађыңнан кўн тўса kаның kызын алдың», деді «цўрöгўңнўң басынан цулдуз тўса мынау балаң» деді. «Тўсўңдў іздäп келсäң kабыл болдў» деді.

## 5. Молданың ўјўндä оkуђан бала.

Ертäдä бір молда болўптў, молданың оkутkан отуз тођуз баласы болўптў. отуз сегізнің äкäсі-дä шешäсі-дä бар болўптў біräўнўң äкäсі цоk, шешäсі цоk цетім болўптў. Отуз сегіз бала бірін бірі kонаkkа шаkырат екäн, бір кўндä манађы цетім баланың шаkыратўђун кўн екäн, цетім бала шаkыраін! десä ўјў цоk, бераін десä асы цоk. Бала оіданды, етäгін тўрдў, kолўна тајађын алды, кўнўң батыс цађына kараі кетті. Бір уаkытта бір шäргä келді, kаір сурады, нан цıп алды бір етäк, kаітты церінä.

Алдынан бір kыз келіпті, kыз кöркöм екäн, бала-да кöркöм екäн. Бала kыздың кöркўнў kарап турдў, kыз баланың кöркўнў таңkалды. Кыз баланың етäгіндäгі нанын цеп kоіды, цегäн сон баладан kашып. бала kўп цетіп, kыздың басында алтынды таkіасы бар екäн, ол таkіасын бала цулўп алды, таkіаны алып церінä келді; молдасына келді. «Молдам», деді «осу таkіамды бераін! отуз сегіз бала бір кўн ішкäндäі тамаk берсäң осу таkіаны ал!» деді. Молда аітты:

«Бу такіаны kаідан алдың?» Бала аітты: «Солаі шāргā барып едім, kаір сурап нан алып едім, нанды алып келā ҵатыр едім, алдымнан бір kыз келді, нанымды ҵеп kоіды, kашып кетті меннāн, мен kӯп ҵетіп такіасын алып kалдым» деді.

Молда аітты: «Бу такіаҕа менің āлім келмāді, алалмаімын, бу такіаны аппарып бір kанҕа сат!» деді. «Со kан āli. келмāсā öзгö кісінің āli келмāс» деді. Бала кетті, kандікінā келді, «асалау маҕалаікым, алдыіар!» деді «ӯāлікāмā сāлāм!» деді. «Каіда барасын, балам?» деді — «алдыіар, ҵумусӯм азҕана, бір такіа сізгā сатаін деп алып келдім» деді. «Āкпāl, балам! кöрöін!» деді. Бала kоінӯнан сӯруп алып берді. Кан кöрдӯ; «балам, сен мунӯ kаідан алдың?» деді. «Алдыіар, менің āкāм ҵok, шешāм ҵok ҵетім едім. Молдаҕа оку окуп едім, отуз тоҕуз бала едік, деді, kонakkа біріміздi біріміз шакырӯшы едік, менің шакырӯҕа ӯјӯм ҵok болдӯ, ішāргā асым ҵok болдӯ. Соннан бір шāргā кеттім, kаір сурап нан алдым; наңымды алып ӯјӯнö келā ҵатыр едім; алдымнан бір kыз келді, kыз менің етāгімдāгі нанды ҵеп kоідӯ, kашып кетіп, мен kӯп ҵетіп барып басындаҕы такіасын ҵулӯп алдым.»

Кан аітты: «О kызды маҕан таӯп берāмісін?» деді, тауп бермāсāң басыңды аламын!» деді.

Бала ҵылап аулӯна келді, отӯз сегіз балаҕа аітты: «Кан менің такіамды тартып алып kалды, со kызды тауп бер! деп аітты, таппасаң басыңды аламын!» деді.

Отуз сегіз бала kандікінā ҵетім баламāн біргā келді, бāрі бір сāлāм берді, «ā, алдыіар, деді, осу балаҕа зордӯk kылма! бу баланың öзӯ ҵетім; āкā мында ҵok, шешā мында ҵok; ішāргā асы ҵok, кіјāргā кімі ҵok. Буҕан зордӯk kылма! зордӯk буҕан kылҕанша отуз сегіз баламыз бізгā kыл! біздің āкāміз-дā бар, біздің шешāміз-дā бар; ішāргā асымыз бар; кіјāргā кіміміз бар!» Кан аітты: «Ҵok! такіа алып келгāн баланың kызды тауп āкпāлмāсā басын аламын» деді. Отуз сегіз бала аітты: «Бізді кепілдіккā ал!» деді, отуз тоҕузӯн отуз тоҕуз кӯн кепілдіккā ал! отуз тоҕуз кӯндā kызды алып келсін тапса; таппаса öзӯ келмāсā отуз сегіз баланың басымызды ал!» деді. Кан аітты: «Ҵараіды» деді.

Отуз сегіз бала ўjўнö келді, џетім бала отуз сегіз балаҕа амандасып есäндäсіп kызды іздäімін деп кетті. Бір кўндöрдö бір шäргä келді, шäргä келсä бір кемпірдікінä келді. Кемпіргä амандасыпты, есäндäсіпті, кемпір ас беріпті, ясын бала ішіпті. Кемпір сурапты: «Каіда барасын, балам?» деп. «Шешäкä» депті, «менің kаіда бара џатканын не керäк?» депті «мен бір беішäрä, äкäм џоk, шешäм џоk, ішäргä асым џоk, кіjäргä кімім џоk, оkу оkуп едім, ўрöнўп џўрöдўм, отуз тоҕуз бала едік» деді, біріміздi біріміз коnаkkа шакырўш'еді, менің шакыратўҕўн кўнўмдö бір шäргä келдім. Каірҕа нан џіп алдым, нанды алып келä џатыр едім ўігö, алдыма бір kыз кез-гелді, кезгелгäн сон сöлöсўп амандасып турҕанда етäгімдäгі нанды џеп kоjўпту, kыс kашып, kызды мен kўп џеттім, басындаҕы таkіасын алып kалдым, со таkіаны kан меннäн зордўk kылып алды, таkіаның іäсін kызды тауп алып кел! таппасаң басыңды аламын, деді, со kызды іздäп келäмін, отуз сегіз бала маҕан кепіл болўп kалды. Кызды тауп аппарсам öлтўрмöіді бізді, тауп аппармасам отуз тоҕуз баланың басын алады» деді.

Кемпір аітты: «Мен оnў табамын» деді. Бала kуанды: «О шешäкä! деді, «kызы таўп берсäң маҕан мен саҕан бала болаін!» деді. «Боламысын маҕан бала рас аіт!» ««Рас аітамын шешä бала боламын!» деді. «Џараіды» деді. Енді кемпір аітты: «Бала сен џат осу ўідö! тöрт кўндö келäмін; тöрт кўндö келäлмäсäм іздä мені!»

Баланың kолўнан баламын дегäн kаҕаз алды, кемпір кетті, бала џатып kалды ўідö. Тöрт кўн џаткан сон ертäн турўп беті kолўн џўдў, тышkарҕа шыkып kараса шешäсі kызды алып келіп тур екäн. «Амансын kоі, шешäкä?» деді. «Есäнмін, балам, kудаіҕа шўкўр» деді. Кызҕа амандасты бала, kызды оң kолўнан ыстады, kыз џігітті таныды, џігіт kызды таныды, екäў ўігö енді екäў сöлöстў. «Е, џігітім, kаіда барасын?» Кыз деді. Џігіт аітты: «Сізді іздäп келдім.» ««Мен не керäк?» Џігіт аітты: «Тўнöгўдö алып kалҕан таkіаны kан зордўk kылып алды, сені тауп алып кел! деп, алып келмäсäм басымды аламын! деді, отуз сегіз бала

маӷан кепіl болӯп kалды» дедї. Кыз аітты: «Џараідк, мен саӷан тіјӑмін» дедї. Џігіт аітты: «Сенің кӯјӧӯң бар шыӷар.» Кыз аітты: «Кӯјӧӯм бар еді, џаман болдӯ. Мен сенї сӯјӧмӯн, мен кетсӑм саӷан артымдаӷы сіңдімдї алар» дедї. «Џараіды» дедї. Џігіт kызды алды, некӑсін kыіды, кемпірдікінӑ џатты, кемпіргӑ бала болдӯ. Отуз сегіз кӯн џатты. Катын аітты: «Е, кӯјӧӯм, ӑўӑідӑ кімдї іздӑп џеріңнӑн шыӷып едің. Отуз сегіз баланың кепіlдї тастап шыkkаның kалаі? Со отуз сегіз баланың ертӑнгї кӯн ӧlтрӧдӯ kоі» дедї. Џігіт тӯрӧ-геlдї «сӑн акылды екӑнсін, мен аkмаk екӑн» дедї «бараіk!« дедї. Катыны алып џӯрмӧк болдӯ. «Шешӑ, есӑн бол! біз џӯрӧмӯз, ӧlмӧсӧм тірі болсам кеlӑмін» дедї. «Бар, балам! есӑн болсаң бір таппаі kоімаӷаісын!» ««Џараіды»» деп кеттї.

Кызды алып кеlдї, отуз сегіз балаӷа кеlдї, амандасты, есӑндӑстї. «Бӑрікӑlдї, џігіт!» бӯгӯн кеlмӑсӑң бӑрімізді kан ӧlтӯрӯп едї.» Отуз тоӷуз бала kызды алып кеlдї kанӷа. «Алдыјар!» дедї «ӑkпӑlдіk, біз кепіlдӑн шыkтыkпа, шыkпадыkпа?» Кан аітты. «Шыkтыңдар кепіlдӑн. Кан kызын алды, отуз тоӷуз балаларды kаітарды. Кыз кӯјӧӯнӧ аітты: «Ертӑн тӑңӑртӑн kан ӧlдӯ деп ӑсітӑрсін, сонда шыналажаӷа шаkырар! сен шынажаӷа кеlмӑ! сен ӯідӧ kал! kан ӧlгӧн сон мен кетӑрмін, менї екі аірыk џолдӯң ӯстӯндӧ тос! сонда екӑӯмӯз кетӑрміз џерімізгӑ» дедї. «Џараіды» дедї. Кеттї џігіт, аулӯна кеlдї; ертӑн турӯп kан ӧlдӯ дегӑн kабар тӑңӑртӑн кеlдї. Кан ӧlдӯ дегӑн kабар кеlсӑ ӧзгӧ џамаӷат шынажаӷа кеттї, џігіт ӯідӧ турӯп бармады. Џігіт екі аірыk џолӷа кеттї, kызды тапkан сон екӑӯ шешӑсінікінӑ kаітты, біргӑ џӯрӯп шешӑсінікінӑ кеlдї, мал малданды, баі болӯп турдӯ.

## 6. Тӯlкӯнӯң алдаӷаны.

Бір kасkырмінӑн бір џолбарыс, бір тӯlкӯ ӯшӧӯ џолдас болӷан, џолдас болӯп ӯшӧӯ кеlӑ џатkан, бір шеlӑк маі тауп алӷан, бір џергӑ ӯшӧӯ кеlіп џатты, тӯlкӯ аітты: «Мінӑ џердӑ ӯlкӧн аӷамдікї бар еді, сол ӯlкӧн аӷамның kатыны буаз едї, сол аӷам-

ның ķатыны бала тапķан екäн, сонўң баласына барып атын ķоjўп келäін!» деді. Ķасķырмінäн џолбарыс: «Барсаң бар!» деді. Тўлķў кетті џўгўрўп. Баӻанаӻы ўшбў тауп алӻан шеläктäгі маіды ўшбў бір џергä кöмўп кеткäн ўшбў. Тўлķў ķасķырмінäн џолбарысты екäўн алдап тастап џўгўрўп шеläктäгі маіӻа келді, бір елі тöмöн тўсўрўп џеді, ķаітып келіп ķасķырмінäн џолбарысķа келді.

«Аӻаңның баласының атын ķоідўңба?» деді. «Ķоідўм!» деді. «Атын кім ķоідўң?» деді. «Атын бір елі ķоідўм» деді.

Öгўнў тўндä ўшбў џатты, ертäн турӻан сон тўлķў ķасķырбäн џолбарысķа аітты: «Мінä џердä ортанш'аӻамның ўjў бар, со аӻамның ķатыны буаз еді, аӻамның ķатыны баласын тапķан екäн, сонўң баласына барып атын ķоjўп келäін!» деді. Ķасķырмінäн џолбарыс аітты: «Бар! ķоjўп кел!» деді. Тўлķў џўгўрўп кетті, џўгўрўп баӻанаӻы шеläктäгі маіӻа келді. Шеläктäгі маідың џарымын џеді, џўгўрўп ķасķырмінäн џолбарысķа ķаітып келді. Џолдастары аітты: «Аӻаңның баласының атын ķоідўңба?» деді. «Ķоідўм» деді. «Атын кім бäрдің?» деді. «Орта беl деп ķоідўм.»

Џатты ўшбў öгўнў, ертäн турдў ўшбў, тўлķў аітты: «Кенжä аӻамның ўjў бар еді», деді, «со аӻамның ķатыны буаз еді, аӻамның ķатыны баласын тапķан екäн, со аӻамның баласының атын ķоjўп келäін!» деді. Ķасķырмінäн џолбарыс аітты: «Бар ķоjўп келä ķоі!» деді. Тўлķў џўгўрўп кетті, џўгўрўп маіӻа келді, маідың бäріндä џалап џалап џеп ķоіӻан сон ķаітып келді џўгўрўп. Џолдастары: «Аӻаңның баласының атын кім ķоідўң?» деп сурадылар. Тўлķў аітты: «Џалап џалап ķоідўм» деді.

Џўрдў ўшбў бір тўöшўгö келді: «Етўöшў!» деді, бір тўö сат бізгä». ««Не берäсін?» деді. «Не берäін, бес дўс сом акша берäін!» деді. Тўöшў аітты: «Кашан берäсін?» деді. «Ендігі џыл берäік!» деді. «Џараіды бір тўö ал!» деді. Бір тўöнў алды ўшбў, алып келіп бір џергä соідў. Ўшбў тўöнў соjўп џатķанда бір ķарсаķ келді. Карсаķ аітты: «Сендäрдä мен џолдас боламын!» деді. Џолдастар аітты: «Бол! мынау тўö сатып алып соjўп џатыр-

мыз, со тӱӧнӱ̈ ендігі џыл бес дӱз сом акша берäік! деп алдык», дедіläр. «Сол тӱӧнӱӊ акшасына косуламысын?» деді «косулсаӊ тöртöӱмӱз тӱӧнӱ̈ соjаік!» деді. «Соjӱп болмаі џемäік!» деді. Тöртöӱ̈ соjӱп џатты, тӱlкӱ аітты: «Карсаk аузӱна бір демäні каҕып салды» деді. Каскыр тап берді, тап бергäндä карсаk џарk коjӱп кашты. Кашкан сон каскыр џолбарысмінäн тап коjӱп кӱдӱ; тӱlкӱ ордӱнда калды. Каскырмінäн џолбарыс кеlгäншä, тӱlкӱ тӱӧнӱ̈ бузӱп џарып џергä тыҕып коіды; тӱlкӱ кöмӱп коіҕан сон кетіп калды. Бір уакытта каскырмінäн џолбарыс кеlді, кеlсä тӱlкӱ-дӧ џоk älігі џердä тӱӧ-дä џоk, тӱlкӱ таппаі турҕанында тӱlкӱ кеlді. Џолбарысмінäн каскыр аітты: «Тӱӧ каіда?» деп. «Тӱӧнӱ̈ мен білмäімін» деіді, «сендäр карсакты кӱҕанда мендä кӱп кетіп едім. Мен каідан біläін, öздöрӱмінäн біргä карсакты кӱп кеткäнмін.»

Ӱшöӱ̈ џатты тӱндö тӱlкӱ тӱӧнӱ̈ кöмгöн џердäн алып тӱӧнӱӊ етін џеп џатыр тӱӧнӱӊ етін бäрін тӱlкӱ џеп коідӱ, кішкäнä терäсі калҕанда џолбарыс каскыр білді, аітты: «Е тӱlкӱм! не џеп џатырсын? кырш кыршылдатып не џеп џатырсын?» ««Öзӱмнӱӊ кöтöнӱмдӱ̈ оjӱп џеп џатырмын» деді. «Тӱlкӱм, öз кöтöнӱӊдӱ̈ öзӱӊ џеп ölмöмӱсӱн?» деді. «Ölмöімӱн» деді. Каскыр аітты: «Ölмöтӱҕӱн болсам öз кöтöнӱмдӱ̈ öзӱмö оjӱп берші!» деді. Каскырдыӊ касына тӱlкӱ: «Кöтöнӱӊдӱ̈ оjӱп берäмін» деп кеlді, кеlдідä каскырдыӊ кöтöнӱн оjӱп џеlі тӱlкӱ. Каскырды алдап ölтӱргölӱ̈ џӱр; каскырдыӊ ішінä еніп кетті, ішä карынын џеді, каскырды ölтӱрдӱ̈, ölтӱргöн сон каскырдыӊ кöтöннöн тӱlкӱ шыкгы, шыккан сон каша берді, џолбарыс тӱlкӱнӱ̈ кӱдӱ, кӱп џетіп ыстап алды; тӱlкӱнӱ̈ џутамын деп аузӱна салып џібäрді. «Џолбарысым» тӱlкӱ аітты: «Маӊгыт деп џутсаӊшы!». деді. Џолбарыс маӊгыт деп аузӱн аша бергäндä тӱlкӱ саӊгытып аузӱнан шыҕа берді. Тӱlкӱ шыҕып кашып кетті, џолбарыс кӱп кӱп џет'-алмаі калды.

Тӱlкӱ бір џергä кеlді, бір бöдöнöмінäн џолдас болдӱ, екäӱ̈ џолдас болӱп кеlä џатты. «Тӱlкӱм», деді бöдöнö аітты, сені мäн кöп тамакка аппараін!» деді, «тӱlкӱм кöзӱӊдӱ̈ џум! куірукӱмнан тістä!»

Тӱlкӱ «ɥараідыˮ деді, кӧзӱн ɥумдӱда бӧдӧнӧнӱң kуіруɧунан тістäп тӱlкӱ ɥӱрдӱ.

Бӧдӧнӧ аітты: «Тӱlкӱм, мен кӧзӱңдӱ аш дегäндä аш, мен аш демäі ашпа, тӱlкӱм!» деді.

Бӧдӧнӧ ɥӱрӱп кеläді, ɥӱрӱп кеlіп тӱlкӱнӱ ертіп ɥетäктäп кеlä ɥатыр. Осундаі бір кӧрӧттӱң ішінä кеlді, кӧрӧттӱң ортасында, бір кӧп кісі тур'екäн, кӧп кісінің ортасына тӱlкӱнӱ ɥетäläп бӧдӧнӧ кеlді. Аш кӧзӱң, тӱlкӱм! деді, тӱlкӱ кӧзӱн ашып ɥібäрсä кӧп кісінің ортасында турдӱ, бӧдӧнӧ алдап кеlгäнін біlді. Бӧдӧнӧ кӱlӱп «дрˮ етіп ӱшӱп кетті. Älігі ɥердä кісідäр соɧӱп ӧlтӱрӱп алды.

## 7. Дудар kыз.

Ертäдä бір баі болӱптӱ, улӱда ɥоk kызы да ɥоk болӱптӱ, ɥылkысы кӧп болӱптӱ. Баі ɥылkысын бакпаіды, ɥылkысын kасkыр ɥемäіді, ɥылkысын уру алмаіды. Ӧңгӧ ɥердä бір kан бар екäн, kан аітады: «Онӱң ɥылkысын kасkыр негä ɥемäіді, уру негä алмаіды, менің ɥылkымды kасkыр да ɥеіді, уруда алады.

Кісіläр kанɧа аітты: «Баласы ɥоk баідың ɥаңгыз бӱрул ат болɧан, kасkырɧа ɥегізбäіт екäн, уруɧа бермäіт екäн.» Кан енді баідан бӱрул атты маɧан берсін деп сурата кісі ɥібäріпті, баі бӱрул атты бермäіді. Бермäіді баі атын деп ɥібäргäн кісі ӱјӱнӧ кеlді.

Кан тоі kыламын деп ɥуртkа кабар аітты: «Улӱ ɥокkа отуратӱɧӱн орун ɥоk, kызы ɥокkа kымыз ɥоk, бу тоіɧа кеlмäсін!» Еl ɥурт тоіɧа ɥіlді, бäрі барды, сонӱ сон улӱ ɥоk kатын баjына аітты: «Тоіɧа бараіk!» деді. Баі аітты: «Бізді кеlмä деп kан аітkан» kатын: «Сен болмадың бараіk» деп. Баі аітты: «Барсаk бараіk!» деді. Бір саба kымыз тӱӧгӧ артты, kатын ɥедäктäді тӱбнӱ, баі кӧтӱнӧн аідады, кеlді тоіɧа. Баі кеlді деп адам шыkпады алдынан, kатынымінäн екäӱ кеlіп турдӱ ӱідӱң сыртына. Баі ашӱланды, ɥанындаɧы п'шаɧын сӱрӱп алды, сабаны п'шаk-

пäн тілiп џібäрді, kатынын ӱjӱнӧ џеткäншä сабап келді. «Тоіџа бармаіk деп аітып едім, аітkан тілімді алмадың.»

Ӱjӱнӧ келді џылkыдан аіђыр алды, сірдан буkа алды, kоідан kошkар алды, ешkідäн текä алды. Аіђырды, буkаны, kошkарды, текäні тӧртӧӱн алып мідаі далађа кетіп ӱlкӧн Шалkар кӧlдӱң басында тӧртӧӱн соідӱ kудаіђа. Кудаідан бала тілäп шырађын џакты, кӧlдӱң басында екäӱ kатынмінäн џатты, «je, kудаі, ул бер! je, kудаі, kыз бер! малды не бер, малды не бермä!» деді. Тӱндӧ баі тӱз кӧрдӱ: «Бӱрул атты соjӱп берсäң kыз берäін!» депті. Баі ӱjӱнӧ бӱрул атты бауздаімын деп џылkыдан äkпäліп џыkты, аjађын бӱптӱ, kатыны џылаіды: «Соіма! соіма деп џылаіды, баjы сӧзӱн алмаіды, болмаіды, бауздап атты ӧлтӱргӧн сон тӱндӧ џатады екäӱ, ертäн kатын буаз болды. Тӱаттӱђӱн уаkыт болдӱ, кӧп kатындар џілады, о kатындар аітады баланың кіндігін мен кесäмін! деді. Бала іштä џатып џубап берді. Ӱідӧгӱ kатындарды kӱп џібäр! ӧзӱм џаkсы тӱамын! деді. Äкäм ӱігӧ келсін! kатының мађан керäгісі џоk деді, äкäмнің мађан керäгі бар, äкäм келсін деп шаkырды. Äкäсі ӱjӱнӧ келді.

«Äкä! äкä! тӱаінба?» деді. «Шырађым тӱа kоі!» деді. «Ӧзӱмдӱ ӧзӱм білäсäм тӱамын!» деді. «Ӧзӱмдӱ білік болмаса тӱмаімын!» деді. Äкäсі: «Ӧзӱң білä!» деді. Бала тӱдӱ, шäшäсінің ішінäн џергä тӱстӱ, kатындар џіліп келді, таңырkап келді, «нађылђан џан екäн бу, улӱма екäн kызба екäн? біläікші!» деп келді. Äкäсі аітты: «О kыз екäн» деді. Äкäсі бір kоі соjӱптӱ, тоі kылыпты, kымызынан ішіпті, етін џеп kатындар ӱjӱнӧ kаітыпты.

Кыз ер џетінті, кӱндӧ баідың kызын аіттырамын деп мурзалардың баладары келіпті; kыздың ӧзӱ кӧркӧм екäн. Äкäсі келгäн џігіттäргä аітыпты: «Мен білмäімін, kызымның ӧзӱ біläді, ӧз білігі ӧзӱндӧ деді. Џігіттäр kызђа келäді, амандасады, сӧlӧсӧдӱ: «Сен мађан барамысын?» деді. «Барамын» деді. «Атымды тапсаң сађан барамын» деді. «Атымды табалмасаң мен сађан бармаімын» деді. Џігіт атын табалмаіды, ӧзӱнӱң äкäсідä шешäсідä атын білмäіт екäн. Бір кӱн болђанда шешä kыздың атын сураіды; «сені біз не деп шаkырамыз?» деп. «Атыңды біз білмäіміз.»

Кыз аітты: «Атым менің Дудар kыз. Менің атымды адамға аітпаңыз» деді. Күнүндө тағы џігіт келді, ӓкӓсі «мӓн білмӓімін» деді. «Кызымның өзү біледі», деді, «күјөүгө барсада, бармасада өзү білсін!» деді. Џігіттӓр kызға келді. Амандасты, есӓндӓсті, сөјлӧстӱ: «Сені мен аламын сен тісӓң» деді. Кыз аітты: «Атымды тапсаң тіјӓмін; таппасаң тімӓімін» деді. Атын адам табалмады.

Аулу көштү далаға, kыз џүгүн артты түөгө, түөнүң басын ўјүндө џүргөн күнүнө џедӓктӓтті. Кыз џуртунда kалды, kыс kара џорға атына мінді, џүгүнүң көтүнөн kүп келді, kүп келсӓ күнүнүң џедӓктӓп бара џаткан түөнүң бір џағы ауп kалыпты, онў kыз көрмӧдү, күң аіғаілаі шакырды, kыз есітпӓді, сонў сон: «Дудар kыз, мында кел! түө ауп kалды, кел мында!» деді kыз күңгө kаітып келді. «Сен менің атымды атадыңба?» деді. «Атағаным џоk!» деді. «Кыз деп сені шакырдым» деді. Џүгүн артты, барды kонатүғун џерінӓ, түөнү алып келіп, џүгүн т'сүрдү; ўјүн тікті, kыз џелпініп төрнүң алдына отурдү. Бір џігіт келді, аітты: «Баі kызыңды мен алғалы келдім» деді. Баі аітты: «Кызым өзү өзүн біледі» деп. Кызына келді џігіт: «Е, kыз, амансынба? сені аіттырғалы келдім деді. «Атымды тауп ал!» деді. Џігіт аітты: «Атың Баілантуғун болмасын!» ««Џоk, атым ол емӓс.»» «Атың сенің Дудар kыз» деді. «Атымды таптың» деді.

Тоі kылды, kуда т'сүрдү, kызбӓн џігіт kол ыстатты, ӓкӓсі узатkалы џатыр «kызыма џылkыны бӓрін бөлүп берӓмін, алып кет!» деді. Малдың ішінӓ келді, келіп џылkыны көрүп, kарап џүрсө бір кішкінӓ kула таі үстүнө тер kатып џүр екӓн. Кула таідың џүнүн алаканымӓн үктү. Кула таіға тіл бітті: «Е Дудар kыз» деді. «Сені узатадыма?» Кыз аітты: «Мені узатады.» Кула таі аітты: «Не аласын?» деді. «Ӓкӓм малдың бӓрінде берӓмін деп аітады.» «Сен малды алып не kыласын? малды алама! бўјүм-дӓ берсӓ бўјүмдү алма! күјөүң өзүңө тӓүрмӓ џаманба?» деді. Кыз аітты: «Џаксы екӓнін, џаман екӓнін білмӓімін» деді. Кула таі аітты: «Сен білмӓсӓң мен аітаін! Күјөүң сенің kасkырдың алыбы, kубулүп келгӓн адам болүп келгӓн. Анау күн

сіздің ӱі кӧшӱп келӓ џатканда кӱҥнӱҥ џетӓктӓгӓн тӱбсӱ аубан сені шакырђан, шакырђанда сен келмӓгӓніңдӓ атыңды атап сені Дудар кыз деп шакырђан, сонда осу каскыр ӧлгӧн кісіні кӧрдӧң сӱрупп џеп џатканда сонда сенің атыңды есіткӓн» деді.

Кыз онан шошудӱ, кула таі аітты: «Ӓкӓң мал берсӓдӓ алма! бул берсӓдӓ алма! берсӓ ӓкӓңнің џађымінӓн ођӱн ал! кара кӱңдӱ ал! мені ал! кара тӱӧнӱ ал!»

Ӱјӱнӧ келді кыз, тӧсӧккӧ келіп коркӱп цылап џатты. Ӓкӓсі аітты: «Џылама, усатамын! басыңды кӧтӧр!» деді. Кыз басын кӧтӧргӧндӧ ӓкӓсі: «Балам, не аласын?» деді. «Ӓкӓм џађыңмінӓн ођӱңдӱ берсӓң аламын; кара кӱңдӱ берсӓң кара кӱңдӱ аламын, кара тӱӧңдӱ берсӓң кара тӱӧнӱ аламын; кула таіды берсӓң кула таіды аламын» деді. Ӓкӓсі аітты: «Кара кӱңдӱ, кара тӱӧнӱ, кула таіды мен сађан берӓмін, џађымды ођӱмдӱ бермӓімін» деді. Кыз џылады, сонӱ сон шешӓсі бајына урустӱ: «Кызымнан сенің џађыңмінӓн ођӱң артыкпа? балам сураса бер!» деді. Бермӓк болдӱ «ал, балам!» деп.

Кыз џылкыдан кула таіђа курук салды, кунан болдӱ, џӱгӧндӱ џӱгӧндӧдӱ дӧнӧн болды, ертӓді бестӓ болды, кызды міңгізді, алты џасар ат болдӱ. Кара тӱӧнӱ ыстап алып келіп берді, кара кӱңдӱ сол тӱӧгӧ міңгізді. Кыз бӓрінді алды, кул'атка мінді, џађын моінӱна салды, кетті, кӱјӧӱ узатып алып кетіп барады. Кӱјӧӱ кызђа аітты: «Мен алдынан озамын!» деді. Узуннан сызђан џер болса џӱр! тӧңӧлӧк сызђан џер болса кон!» деді.

Кӱјӧӱ кетті, катын кеін калды. Кула ат аітты: «Ӓ, Дудар кыз, кӱјӧӱң озӱп, негӓ кетті білдіңбӓ?» Дудар кыз аітты: «Білгӓнім џок» деді. Кул'ат аітты: «Мен білдім» деді, кӱјӧӱң каскыр болӱп, каітып џеліп кара тӱӧнӱ џеіді, кара кӱңдӱ џеіді» деді. Азрак џергӓ барып еді, ӱлкӧн бір каскыр келӓ џатыр. Каскыр келді дӓ 'кара тӱӧнӱ џутты кӱңдӱдӧ екӓӱн дӓ. Каскыр кашып кетіп калды. Бір уакытта џігіт болӱп кубулӱп артынан келді, келіп караса кӱјӧӱ екӓн. «Ӓ, Дудар кыз, деді кара тӱӧ каіда кара кӱң каіда?» деді. «Бір каскыр келіп џеп кетті» деді. Кӱјӧӱ аітты: «Џесӓ џесін!» Дудар кызђа аітты: «Анау кӧргӧн таудӱң

арасында аҕарҕан менің ӳјӳм, деді, соҕан kel!» деді «мен озаін!» деді. Кыз ҵаңгыз kалды. Ат аітты: «Е Дудар kыз, не оілап келäсін?» деді. Дудар kыз аітты: «Мен не оілаін?» деді. Ат аітты: «Ҵеті ҵурттӳ ҵалмаҕан ҵалмауз kаскыр kатыны ҵӳгӳрӳп алдыңнан шыҕар, ҵӳгӳрӳп келіп менің тізгінімнäн ыстар; сен тізгімнäн ыстатпа!» деді.

Каскыр kатыны ҵӳгӳрӳп келді «Дудар kыздың тізгіннäн ыстамын!» деді. Дудар kыз аітты: «Атымның тізгіннäн ыстама! сен ӳлкöн, мен кіші, атымды öзӳм баідаімын!» деді.

Дудар kыз тӳсö келді, ӳідӳң ҵаныпа атты баілады, ӳігö еніп есіктің алдынан келіп отурдӳ. Бајы ӳідӳң ішіндä тöсöктö ҵатты, ӳлкöн kатыны тöсöктӳң ҵаҕында отурдӳ. Баі ујуктап ҵатыр екäн, ојанды. «Е Дудар Кыз! мында kасыма kel!» Дудар kыз бармады. «Меннäн ӳлкöн апам ҵаткан тöсöккö бармаімын» деді, «ујат» деді. Келмäгäн сон бајы акырды, ашӳланды, ашӳлансада келмäіді. Ӳлкöн kатыны ҵӳгӳрӳп kасына келді, бајының басын kасыды, арkасын kасыды, бајы ујуктады, ҵеті кӳн ујуктады, ҵеті тӳн ујуктады. Баі ујуктап ҵатып оібаілады, бір уаkытта бакырды, быр уаkытта шыңырды. Сонда ат ӳігö сӳкöндӳ. Бір уаkытта атты бір ҵергä баідаімын деп Дудар kыз шыҕып кетті. Шыkты, атkа мінді, садаҕын оҕӳн алды. Ат аітты: «Кöзӳңдӳ ҵум! ӳш кӳн ӳш тӳн кöзӳңдӳ ашпа!» деді.

Кул'ат ӳш кӳн ӳшӳп кетті, ӳш кӳн ӳш тӳн ӳшӳп барып тӳстӳ. Кул'ат тура kалды, kыз кöзӳн ашты. Ат аітты: «Ерімді тоkумдӳ ала кöр! Ер тоkуммінäн Дудар kыз алды, аттың бір kабат терäсі тоkуммінäн біргä алынды. Ат аӳнады, äрі бäрі отгады, буруңҕӳ kалыбына тӳстӳ. Ҵӳгӳрӳп ат кетті, кетсä бір далада бір адам ҵӳр екäн. Ат kаітып Дудар kызҕа келді. «Ертä!» деді, «мін маҕан!» деді. Ер тоkумдӳ ертäді, манаҕы кöрӳнгöн кісігä келді. «Асалау маҕалаіkым» деді, «ӳäлікімä сäлäм!» деді. Ҵігіт аітты: «Кімсін?» деді. Кыз аітты: «Мен бір ермін» деді «аң аткалы ҵӳргöн ҵанмын» деді. Ҵігіт аітты: «Сен ер болсаң мендä ермін» деді. «Мен аҕа болаін саҕан! сен маҕан іні бол!» деді. Болмаk болды бірäӳ аҕа болдӳ, бірäӳ іні болдӳ, екäӳ бір

ађаінды болдў. Екӓў аң атты, kыз бір аткаңда екі kулан атты, анау џігіт Тӧстўк батыр бірӓўді атты, екӓў кешкӓ ўјўнӧ келді, ўш kуланды алып келді. Тӧстўк батырдың шешӓсі бар екӓн «Балам Тӧстўк», деді «kасындађы ертіп келгӓн кім?» деді. «Шешӓ» деді, «ертіп келгӓн бір ер, бу меннӓн артыk батыр деді «мен бір kуланды аттым, бу екі kуланды атты» деді. Шешӓ аітты: «Балам, шыkkыр кӧзўм шыkпаса мының ӧзў ер емӓс, kыз» деді.

Інісі ўш kуланды соідў, судў ӓкпӓлді, етін асты, ӓлім kылып пісірді, арса kылып т'сўрдў. Етті џеді, тоідў, ертӓн таң атканда атына мінді екӓў, аң аткалы кетті. Кыз екі kулан атты, Тӧстўк батыр бір kулан атты. Екӓў далада сојўп џатыр еді. Бір кісі келді, џетӓктӓгӓн аты бар екӓн. «Тӧстўктў іздӓп келдім» деп Тӧстўк батырђа сӓлӓм берді. Тӧстўк сӓлӓмін алды. «Каіда барасын?» деді. О кісі аітты: «Сені іздӓп келдім» деді. «Мені нађыласын?» деді. «Еліміздӓ батса тоі kылып џатыр» деді. «Терӓктің басына бір дылда kојады, сонў атып т'сўргӧн кісігӓ kызымды берӓмін деді. Сонў сен атып т'сўрўп алсаң сен kызын аласын» деді. Ол дылданы аттўђўн кісі табылмады, kанша кісі џілып барып атып еді, дылдасын џергӓ атып т'сўрӓлмады. Сонў сен атып џергӓ т'сўрӧрсўн, kызын аларсын» деді.

Дудар kызды алып ўшӧў біргӓ кетті, батсађа келді, келсӓ kанша џамађат турђан атып џатыр екӓн, дал тігіз'алмаіт екӓн. Келдідӓ Тӧстўк батыр, атты, џакын џанынан кетті. Сонан сон Дудар kыз атты, дылда шылдырап џергӓ тўстў, батсаның кўјӧў бол деп кілӓмгӓ салып кӧтӧрўп батсанікінӓ апарды, kызды ӓкпӓліп џігіттің kоінўна салды. Ўш кўннӧн сон узатпаk болдў, ўш кўн ӧттў, kызды узатты, kыздың інісі ерді, kыз інісінӓ аітты: «Мені буђан негӓ бердіңдӓр, буда kыз мендӓ kыз» деді.

Кул'ат Дудар kызђа келді, аітты: «Е Дудар kыз, алып келӓ џатkан kатын інісінӓ аітты: «Мендӓ kыз, о да kыз деп аітты.» Дудар kыз аітты: «Енді kаітӓмін?» деді. Кул'ат аітты: «Сен kаінына аіт: екӓўмўз џарысаіk! деп аіт! деді сонда ол џарысар» деді.

Џігіткӓ kыз келді: «Џарысаіk!» деді. Екӓў џарысып кетті.

Кул'ат озўп кеттi, бiр kулан атты, kуландан бутўн кесiп алды. Бiр кölдўң басына келдi. «Е балдызым» дедi, «суђа томулаiк!» дедi. «Цараiды» дедi. Екäў шешiндi, kыз kуландың бутўн öзўнўң бутуна kолўмäн ыстап суђа тўстў, kаiнысы kасына келдi, балдызына шўмöтöjўн кöсöттў, балдызы кöрдў, балдызы kуанды. Судан шыђып кiмiнä келдi, балдызының кöзўн алдап kуланның шўмöтöjўн џергä тастады џасырып, öзў кiмiн кiп алды. Екäў атына мiнiп алды, батсаның kызына келдi.

Iнiсi аiтты: «Апа! сен kыз деп едiң, еркäн екäн» дедi. «Бутун кöрдўм», дедi. «Бутунда шўмўтöjў бар екäн» дедi. Kыз kуанды, Тöстўктўң шешäсiнiң ўjўнö алып келдi, ўш кўн џатты балдызы, тöртўнџў кўндö ўjўнö kаiтып кеттi. Ертäңiндä Дудар kыз џаңђыз аң атамын деп шыкты. «Ађа, сен ўiдö џат! кешкä мен келäрмiн!» дедi. Ертäңiндä Дудар kыз атына мiндi, далађа кеттi, ат турўп аiтты: «Е Дудар kыз» дедi. «Ендi kаiтäсiн?» дедi. «Ендi мен кетäiн?» дедi. Ат аiтты: «Kаскыр баjыңның kабар џоk. Ертäн сен Тöстўкмiнäн далађа шык! Тöстўккö öзўң тi!» дедi.

Кешкä ўjўнö келдi, екi kулан алып келдi. Џатты, ертäн турдў, бетi kолўн џўдў. «Е ађам, екäўмўз kулан атаiк!» дедi. «Џўр! екäўмўз бараiк!» дедi. «Џараiды барсаk бараiк!» дедi. Екäў кеттi, мiдаi далађа келдi. «Е ађа, кешäгi äкпälгäн батсаның kызын кiм алады?» дедi. «Е шырађым, öзўң ал!» дедi. «Менi кiм алады?» дедi. «Сенi кiм алсын!» дедi. «Ађа! мен kыз едiм» дедi. Ађасы kуанды, kыз белгäсiн емшäгiн шашын кöсöттў, џiгiт kуанды, сонан сон ўjўнö kаiтып келдi, алды kызды, екäўндў алды, kатын kылды; шешäсi kыз деп аiткан соң «уф!» дедi, уф! дегäн läбiзi от болдў, ўjў џанып кеттi. Сонан соң Дудар kыз буаз болдў, буаз болўп џўрдў. Елiнä бiр џау келдi, џурт џiлды сонўң кöтўнöн kўп кеттi. Тöстўк батырды kатыны Дудар kыз «барма!» дедi, аiткан сöзўн алмады, «џауђа барамын!» дедi. Катын болмађан сон аiтты: «Барсаң бар! kул'атты сен мiнбä! сенi тастап мађан келäр» дедi. Атты баjы мiндi, аiткан сöзгö кöнбöдў, kыз шiдäрдi бäрмäдi, бутўнўң арасына kысты, кўjöў öзўн

iшäрiп тастады, шiдäрдi џулўп алды. Џiгiт атташып џöнöiдў, шешä аман бол!» дедi. «Мунау катыным бала тапса менi kўдўрт! ол тўса атын Алтын Баi kоi!» дедi. Сöiтўп аiттыда кеттi. Бiр аi џўрдў, бiр аi öткöн сон катыны бала тапты. Басы алтын, кöтў кўмўс бiр ул тапкан, сонан сон шешäсi: «Тöстўк баламды шакырып кел! Дудар kыз келiнiм ул тапкан, басы алтын, кöтў кўмўс.» Каҕаз сызды, баласына ол kаҕаз кiсiмiнäн џiбäрдi. Кара дўлдўлгö кiсiнi мiңгiздi, kўдўрўп џiбäрдi, аiшылык џердi алты басты, барып џеттi. Џўрöктöi џердäн џулундаi тўтўн шыҕады, тўтўн шыkkан џергä џетсä есiк кöрўнöдў, есiктi ашып енiп келсä kў аjаk кемпiр отур. «Балам, kаiда барасын?» дедi. «Тўнöгў кеткäн kолдў кöрдўңбö?» дедi. Кемпiр аiтты: «Мен кöрдўм, осўнда конўп кеттi; шаршап келäт екäсiн, атыңнан тўс! атыңды баiдаi тур! ас берäiн саҕан» дедi. Атынан тўстў џiгiт, атын баiдады, ўiгö кiрдi, отурдў кемпiр, бiр аjаk боза kуjўп бердi, iштi џiгiт, ас iшкäн сон џатты, темiмдi алаiншы деп џатып едi, уjуктап калды. Уjуктап џаткан џiгiттiң kалтасына кемпiр kолўн салып џiбäрдi, кемпiр алакандаi kаҕазын сўрўп алды, џiгiт мас болўп уjуктап kалып бiлмäiдi. Кемпiр kаҕазды окуп караса Дудар kыз ул тапкан басы алтын, кöтў кўмўс ул тапкан екäнiн бiлдi, Дудар kыз Тöстўк батырдың ўjўндö екäнiн бiлдi. Ол кемпiр kасkыр алыштың шешäсi екäн. Каҕазды kаiтып џiгiттiң kоiнўна бiлгiзбäi салды. Џiгiт бiр уакытта оjанды, тўрö-гелдi. «Оiбаi! кўн кеш болўп барат екäн. Мен џўрöiн!» дедi. «Џўрсöң џўр џiгiтiм!» дедi. «Каiтарыңда менiкiнä келä кет! дедi. Џiгiт атына мiндi, Тöстўк батырды kўп кеттi. Бiр уакытта џеттi, амандасты. «Каiда барасын, џiгiтiм?» дедi. «Сiзгä келдiм» дедi. «Катыныӊ ул тапты; шешäңнiң берiп џiбäргäн kаҕазы мiнäкi» деп бердi. Каҕазды окудў, окуса ул тапканын бiлдi. Каiтамын дедi, kуанды. Тöстўк батырдың kасындаҕы џолдастары» ендi kаiтпа» дедi. «Бiр аiдан берi келiп џетäрмiз» дедi. «Ендi џауҕа џеттiк, дедi, iшiмiздäгi батырмыз сiз! kаiтпаңыз! џаудў мукатып кетäiк!»

Тöстўктў џолдастары џiбäрмäдi. Шешäсiнä Тöстўк kат сыз-

ды: «Шешämä cälä̈м! тоі kылсын! кöп џурттў шакырсын! баламның атын Алтын Баі koi!» деп. Сонан сон манаӷы keлгäн џігіт kaiтты ўjўнö, kaiтып џолўндаӷы кемпірга keлді, кемпірдікінä тўстў, џігіт темімді алаімын деп џатты. Ујуkтаӷанын кемпір білді, kалтасындаӷы kaӷасын сўрўп алды, отkа тастап џібäріп џакты. Озў kaiтадан кемпір kaӷаз сызды: «Атты kыінап шешäм негä маӷан џібäргäн болады? Шешämä cälä̈м! отус арба отўн ікпälін Дудар kызды баласымінäн екäўн отkа салып öртöсўн!» деп кемпір сызды. Kaӷазды џігіттің koінўна салды. Џігіт ојанды тўрö-геlді «џўрöінші!» деді, атына мінді, ўjўнö keлді, kaӷазды шешäсінä берді. Шешäсі оkудў, отуз арбамінäн отунӷа џібäрді, баласын аітkан сöзўн екі kылмады.

Дудар kыз бала џаңа тапkан џылап џатыр, тўн ортасы болӷанда kyл'ат keлді. «Дудар kыз, џатырмысын?» деді. «Џатырмын, џатпаі kaiтäін» деіді. «Шык!» деді. «Алтын Баіды ала шык!» деді. Дудар kыз тўрö-геlді, кімін кіді, беlін бўдў, баланы koінўна салды, ўідöн шыкты, шыӷып kараса kyл'ат keліп турӷан. Kyл'атты кöрўп џылады, ўш ајаӷында шідäр ајаӷын kыіп тастады, ајаӷынын ап аk сўöгў кöрўнöдў. Шідäрін алды, џанына баідады. Kyла атkа мінді, kашып џöнöldў. Кöтўнöн бірäў kўп keлді, ўшöін! десä ўш'алмады, џўгўрöін десä џўгўр'алмады, џакындап џеліп кетті.

Дудар kыздың kалың тараӷы бар екäн. Тараӷын лактырды, kалың тоӷаі бол! деп тастады. Kалың тоӷаі болды. Kў ајаk кемпір адасты. Дудар kыз кетті, кемпір кöтўнöн тоӷаідан шыӷып kўдў, kўп таӷы џетті. Kолўндаӷы Дудар kыздың аінасы бар екäн. «Аінасы ўlкöн дарја кöl бол! деп лактырды. Ўlкöн дарја кöl болдў.

Дудар kыз кölгö kyл'атмінäн дўзўп ортасында keлä џатыр, кöтўнöн кемпір су ішіндä kўп џетті, keліп kыздың білäгінäн ыстады. ыстаӷанда kараса Дудар kыздың kолўнда п'шаӷы бар екäн, кемпір п'шакты џулўп алды. Аттың ішін п'шакмінäн џарып џібäрді. Кемпірді kос ајаӷымінäн тебіп џібäрді, кемпірдің моінў

ӱзӱlӱп ӧlдӱ. Судӱң ҷегінä шыkkан сон kул'аттың iшi, kарыны ҷергä тӱстӱ, kул'ат ҷығылды, ӧlгӧlӱ ҷатыр.

